

Дәріс 9. Бюджеттеу жүйесін құру

9.1 Негізгі кезеңдері

9.2 Негізгі бюджет

9.3 Операциялық бюджет



Э.ғ.д., доцент Тургинбаева А.Н.

10.1 Негізгі кезеңдер.

Бюджеттеу жүйесін дұрыс құру үшін бірінші кезеңдер ретін үйрену керек. Біріншіден, бюджеттеу- басқару жүйесінің бөлігі болып табылады. Бюджетті құруда болжамдық деректерді алу үшін басқарушылық ақпаратты қолданады.

Бюджеттеу – орталықсыздандырылған принципке негізделген компанияның қаржылық құрылымымен тығыз байланысты. Бюджеттеу ресурстық шығындарға шектеу қоюға, тауарлар немесе қызметтерге рентабельділік нормативтерін қоюға мүмкіндік береді.

Екіншіден, бюджеттеу жүйесін енгізу бизнес-диагностика жасау үшін алдын ала жүзеге асырылатын іс-әрекеттерді анықтау. Көптеген компаниялар мынадай негізгі қаржылық бюджетті құрады: ақшалық қаражаттың қозғалыс бюджеті, кіріс бюджеті және шығындар бюджеті.

Кеңестік кезеңде жұмыс істеген ірі кәсіпорындар күшті сипатталған жоспарлау-экономикалық қызметімен ерекшеленді, сондай-ақ онда жоспарлау және есептілік жүйесін құрылды.

Неден бастау керек? Әдетте, бизнес-диагностика процесінде компанияның басқару жүйесін және құрылымның ағымдық жағдайын бағалайды, сондай-ақ жүзеге асып жатқан қаржылық жоспарлау жүйесінің тиімділігін және бақылауды, ақпараттың жылдамдығы мен сенімділігін бағалайды. Осы диагностикадан кейін бюджеттеу жүйесін құру туралы тұжырымдама жасалады. Мақсаттар мен міндеттер анықталып, жүйені іске асыру принциптері, құрамы мен жүйе құрылымы жасалады(қаржылық жауапкершілік орталығы, формасы мен регламенті). Жоспарлау жүйесінің сипаттамасы жүргізіледі, бақылау және талдау. Келесі жүйені әзірлеу реті анықталады, енгізу және қызметк көрсету.

Бюджеттеудің негізі негізгі бюджетте жатыр, ол барлық бөлімшелерді үйлестіреді және компанияның жұмыс жоспарын білдіреді. Ол қаржылық және операциялық бюджеттен тұрады. Олардың құрылымын компания өзі анықтайды.

•Операциялық бюджет мыналардан тұрады:

- сату бюджеті;
- өндірістік бюджет;
- өндірістік қорлар бюджеті;
- сатып алу бюджеті;
- жалпы өндірістік шығындар бюджеті;
- еңбек ақы төлеу бюджеті;
- коммерциялық шығындар бюджеті;
- жалпы және әкімшілік шығындар бюджеті;

•Қаржылық бюджет:

- кіріс және шығыс бюджеті;
- ақша құралдарының айналымы бюджеті;
- болжамдық баланс;



1.2 Негізгі бюджет

Негізгі бюджет үш қажетті қаржылық құжаттан тұрады.

Олардың әр қайсысы жеке бюджет болып табылады.

Компания басшылары негізгі бюджеті құру үшін жеңілдетілген басқарушылық нысанын және іске асырылу жылдамдығын анықтап алу керек. Ол үшін жоспарлау және есеп беру деректерін стандарттап алу керек, экономикалы-жоспарлау қызметі, қаржылық бөлім, бухгалтерифя т.б.

Кіріс және шығыс бюджеті ең кең тараған және кез келген басқарушылық құрамға түсінікті. Бұл бюджеті құру – жоспарланған кезеңдегі дамуынан бастап қазіргі деңгейне дейінгі барлық кірістер мен шығыстардың байланысын көрсетеді.

Кіріс және шығыс бюджетінің мақсаты — компания басшыларына оның алдағы кезеңдегі қызметінің тиімділігін көрсету. Кірістер мен шығыстар бюджеті негізгі шығын түрлеріне шек қоюға, пайда көрсеткіштерін анықтауға, пайданың калыптасу қорын және көбеюін анықтау мен талдауға, бюджеттен салықтық және басқада шегерулерді оңтайлауға, заемдық құралдардың қайтарымдық мүмкіндіктерімен тұтынушылық пен жинақтық өорларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Айта кететін жайт, бұл құжатта қаражаттық құралдар бейнеленбейді.

Кірістер мен шығыс бюджеті компанияның бюджеттік регламентімен байланысты оның барлық бюджеттік кезеңіне арнап жасалады. Көп жағдайда бір жылға арнап жасалады.

Қаржы құралдарының айналым бюджеті шаруашылық қызметтегі барлық есептелген шоттар мен қолда бар қаржылық құралдардың айналымынан күтілетін табыстар мен шығындарды есептеу. Ол аванстық түсімдер мен тауар түсіміне алдын ала төлемді, қолдағы қаржылық құралдарды және тауарлық түсімге тауарлық берешектерді көрсетеді. Бүгінгі жағдайда ақша құралдарының айналым бюджеті фирманың ішкі бюджет жүйесінде маңызды құжат болып есептеледі.



10.3 Операциялық бюджет.

Операциялық бюджет мыналардан тұрады:

Сату бюджеті – бюджеттік кезеңдегі компанияның өнім түріне байланысты айлық жіне кварталдық сату көлемінің табиғи және құндық көрсеткішін білдіреді. Сату болжамын жасау үшін келесі әдістер қолданылады:

- функционалдық әдіс – болжам туралы ақпарат бөлім басшысынан сату көлемі мен сату бюджетіне жауапты маркетинг бойынша директорға жеткізіледі.
- Статистикалық әдіс – трендік, корреляциялық, регрессиондық және басқа талдаулармен ағымдағы даму үрдістеріне болжам жасау.
- Топтық шешім қабылдау – компания басшыларымен бөлім басшылары қатысады.

Сату бюджеті – операциялық бюджетті құруда ең маңызды және бірінші кезең; стау көлемін бағалау барлық бюджетке әсеретеді.

Сату бюджеті компания өніміне сұраныс, сату географиясы, сатып алушылар категориясы және мерзімдік факторларды қамтиды.

Коммерциялық шығындар бюджеті – рекламаға кеткен шығындар, делдалдарға шығындармен компания өнімінің дамуындағы басқада шығындарды білдіреді. Коммерциялық шығындар бюджеті сату көлемімен байланысты. Коммерциялық шығындар көптеген критерийлер бойынша топтасады: өнім типі, тұтынушы типі және сату географиясы бойынша. Коммерциялық шығындардың маңызы бөлігі рекламаға шығын, жауапты менеджер қалай? Кашан? Қайда? Деген сұрақтарға жауап бере отырып, рекламаға қанша шығын жасау арқылы максималды пайда табуға болатынын анықтау керек.

